

Керемет бастауыш мектеп-балабақша кешені

Тәрбие сағаты

Тақырыбы: «Елбасшының көшбасшылық сабақтары»

Дайындаған: Байсеит Балжан

Түркістан 2021-2022 ж.

Тақырыбы: Қазіргі Қазақстан. Елбасы Қосбасшылығының сабақтары.

Сабақтың мақсаты:

Қазақ халқының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып-білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру;

Білім алушыларда Ұлт Қосбасшысының Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуы мен дамуындағы ролі туралы түсінік қалыптастыру;

Білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизмді, бейбітшілікті, ұлттық келісімді, белсенді азаматтық ұстанымды, қосбасшылық қасиеттерді тәрбиелеу.

Сабақтың міндеті:

Білім алушылардың қазақ халқының қосбасшысы ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы

Н.Ә.Назарбаев туралы білімдерін кеңейту;

ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанның

қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері туралы білім алушылардың білімін

тереңдету;

ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ҚР экономикалық жаңғыруындағы ролі

туралы білім алушылардың білімін тереңдету;

ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халықаралық бастамалары, оның

бейбітшілік пен келісімге қол жеткізудегі қызметі туралы білім алушылардың білім

кеңейту.

Жабдықтар мен материалдар: бейнеролик, презентациялар, ҚР рәміздерін,

Н.Ә.Назарбаевтың портреті, Елбасы туралы нақыл сөздер, өлеңдер және елбасының өмірі

мен шығармашылығы туралы кітаптар.

Сабақтың барысы: Қазақстан Республикасының Гимні ойнатылады.

Президентіміз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев .Мемлекет басқару ісі – машақатты да,

мәртебелі міндет.Басшы басқарған ел – ең бай мемлекет, халқы ең бақытты

халық.Тәуелсіздігімізді алғаннан соң халықтың басын біріктіріп Н.Ә.Назарбаев тұңғыш

елбасы болды. Елбасының бастауымен менің Отаным әлемге танылды. Елім елдігін

көрсетті, ерлігін танытты. Қазақ халқы егемендігін алып, Тәуелсіздікке қол жеткізгенде өз

алдымызға ел бола алатындығымызға күмәнданған жандар да болған екен. Бірақ ар-

намысты ту еткен Елбасымыз бен үкімет басындағы ел үшін еңбек еткен ағаларымыздың

аянбай еңбек етуі осы нұрлы күндерге жеткізді.Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 6-шілде

1940 жылы Алматы облысы, Қаскелең ауданындағы Шамалған ауылында туған.Балалық

шағы кейде айта беретініміздей таршылық жағдайда өтті. Үлкендердің мал бағуына, бау-

бақша өсіруіне көмек көрсету керек болды, шөпшек теріп, отын жарды.Өзі еске алғандай,

өсірген аз-маз өнімдерін сатып, үй-ішіне қажетті заттар алу үшін есек жеккен арбамен

жақын маңдағы теміржол стансасына бару дегенің керемет мереке саналған.Мектепті

жақсы оқып, жақсы білім алды.Ата-анасын қатты құрмет тұтты.

1991 жылдың 1-ші желтоқсанында тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Президентінің

жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым

дауыспен (98,78 %) жеңіске жетті. 1991 жылы 16-желтоқсанда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев

қол қойған Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң

қабылданды. Қазақстан Тәуелсіз мемлекет болды. 1992 жылы Мемлекеттік Рәміздер

қабылданған жыл. 1993 жылы ұлттық төл тенгеміз айналымға түсті. 1995 жылы

Конституциямыз қабылданды. 1997 жылы 10 маусымда жаңа АСТАНАның ресми

тұсаукесері болды. 2006 жылы 7 қаңтарда Қазақстан Республикасының Гимні

қабылданды. (Қазақстанның басты жеті жетістігі. Презентация.).

Оқушыларға сұрақтар қойылып, тапсырмалар беріледі..

Қазақстан Республикасының Қосбасшысы кім?

Мен елбасы болсам, Ойды жалғастырыңыз

«Тұңғыш Президент күні» мерекесі қашаннан бері тойлануда?

Елбасының жетістіктері туралы айтыңыз.

Елбасын 7 сөзбен сипаттаңыз.

Елбасының өміріне қысқаша шолу.

Нұрсұлтан Назарбаев 1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысының Қарасай ауданына қарасты Шамалған ауылында Әбіш пен Әлжанның отбасында дүниеге келген. Оған әке-шешесі Нұрсұлтан деп ат қойды. Сәбитке ат таңдаудың өзі жатқан бір хикаяға айналды. Тойға жиналған ағайын-туыс түрлі есімдерді түс-тұстан айтып жатты. Ең ақырында жана туған ұлдың әжесі Мырзабала мынадай ұсыныс білдірді: «Менің сүйікті немерем екі бірдей есімді алып жүрсін. Оның аты Нұрсұлтан болсын».

Әкесі – Әбіш 1903 жылы Алатаудың бөктерінде өмірге келген. Әбіш Назарбаев көңілді, қадірлі адам болды. Анасы – Әлжан 1910 жылы Жамбыл облысында молданың отбасында дүниеге келді. Жасөспірім шағында Нұрсұлтан тек өз сыныбындағы ғана емес, мектептегі ең үздік оқушының бірі болды, сабақты зор ынта-ықыласпен оқыды. Ол, әсіресе, желгі аңыздар мен бабалардың наным-сенімдері туралы үлкендер айтатын әңгімелерді ықыласпен тыңдайтын. 1960 жылы Днепродзержинск техникалық училищесін, 1967 жылы Қарағанды металлургия комбинатына қарасты жоғары техникалық оқу орынын, 1976 жылы Кеңес Одағы коммунистік партиясы Орталық комитетіне қарасты Жоғары партия мектебін бітірген. Президенттің Дарига, Динара, Әлия атты үш қызынан жеті немересі, төрт шөбересі бар.

(Оқушылар топқа бөлініп, тапсырмалар орындайды).

Сөйлемдегі сөздерді орын тәртібі арқылы жазыңыздар.

- Ұлттық, тіл, енді, саясаттың, болуы, дінгегі, тиіс, мемлекеттік.
- (Мемлекеттік тіл енді ұлттық саясаттың діңгегі болуы тиіс.)
- Ынтымақ, түсу, міндетіміз, татулықты, пен, нығайта, басты.

(Ынтымақ пен татулықты нығайта түсу – басты міндетіміз.)

- Жаны, әдебиет, мен, халықтың, өнер.

(Өнер мен Әдебиет – халықтың жаны.)

- Өз, халқы, бар, салт-дәстүрі, ел, мәдениеті, ұлты, Қазақстан, тілі, тарихы, күдіретті.

(Қазақстан - өз ұлты, халқы, тілі, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі бар күдіретті ел.)

- Елінің, ұғатын, Нұрсұлтан, Назарбаев, ғасыр, жанын, қамқоршы, тұлғасы.

(Нұрсұлтан Назарбаев – ғасыр тұлғасы, елінің жанын ұғатын қамқоршы.)

Келсі тапсырмада сандық қорықшаларды таңдап, сұрақтарға жауап беріп, дұрыс жауапқа таңдаған балға ие болыңыздар.

- 1.Мақалды жалғастырыңыз «Туған жердей жер болмас, ... »
- 2.Мемлекеттік Елтаңбаның авторларын атаңыз.
- 3.Елімізде Конституция күні қашан тойланады?
- 4.Еліміз қай жылы БҰҰ-на мүше болып кірді?
- 5.Қазақстанның мемлекеттік тілі?
- 6.Ұлттық валютамыз айналымға қашан енгізілді?
- 7.Нұрсұлтан Әбішұлы қай жерде, қай жылы дүниеге келді?
- 8.Қазақстан Республикасының Көшбасшысы кім?

9. Мен елбасы болсам, Ойды жалғастырыңыз
10. «Тұңғыш Президент күні» мерекесі қашан бері тойлануда?
11. Елбасына арнап қандай фильм түсірілген?
12. Нұрсұлтан Назарбаевқа «Ұлт Көшбасшысы» мәртебесі қашан берілді?

Рефлексия. "Елбасына тілек"

Елбасына тілек жазып, ортадағы қорапшаға салыңыздар.

Қорытынды сөз.

Ел егемендігінің тарихына үңілсек, мемлекетіміздің алуан бағыттағы тыныс - тіршілігінің дамуына бірден - бір ықпал еткен фактор - бұл Елбасымыздың жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауы екендігіне көз жеткізер едік. Елбасының «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы бойынша Президенттің жалпыұлттық идеясы - болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды. Ал ең бастысы - еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды. «Мәңгілік ел» идеясы - елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Осының барлығы дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз.

Найзаның ұшы, білектің күшімен ата-бабадан қалған елімізді бүгінде 27 жылға жуық басқарған Н.Назарбаев Қазақ елінің туын көкке көтеріп, әлем танымастай етіп өзгертті. Елімізде тойланып отырған бұл мерекенің тарихи маңызы орасан зор екені айдан анық. Ендеше Тұңғыш Президент күні құтты болсын!

